| 18 | tusn.idnd (Instagram)<br>Мен коп балалы анамын юрист мамандығын бітіргенмин жумыска жумыс іздеп барсам опыт сурайды мени жумыска алмаса кайдан опыт болады | Сәуір 2021 ж.<br>Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығына қала мекемелері «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес, бос жұмыс орындары пайда болған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде бос жұмыс орындары бар екендігі туралы ақпаратты ұсынып отырады.<br>Жұмыспен қамту орталығына өтініш білдірген жағдайда, жұмыссыз ретінде тіркеліп, мамандығы бойынша жұмыстар ұсынылатын болады. | Приозерск қаласы әкімінің орынбасары<br>Казиева Б. А.,<br>«Приозерск қ. жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» ММ басшысы<br>Бейскеев С. Ж. | |

**Руководитель аппарата акима Исатаев А.Н.**

## ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ КӨТЕРМЕЛЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ ҚАҒИДАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ЖОБА**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1.Қоса беріліп отырған Приозерск қаласы әкімінің аппараты және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидасы бекітілсін.

2.«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі және Приозерск қаласының жергілікті атқарушы органдары осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Приозерск қаласының әкімі Қ. Камзин**

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ КӨТЕРМЕЛЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ ҚАҒИДАСЫ

1.Приозерск қаласы әкімінің аппараты (бұдан әрі - Аппарат) және жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі - ЖАО) мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидасы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 35-бабына сәйкес әзірленді және Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану тәртібін айқындайды.

2.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілеріне келесі көтермелеулер қолданылады:

1)біржолғы ақшалай сыйақы;

2)алғыс жариялау;

3)грамотамен марапаттау;

4)көтермелеудің өзге де нысандары, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттау.

3.Нақ сол ерекшеленгені үшін мемлекеттік қызметшіге бір ғана көтермелеу қолданылады.

4.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілері лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңыздылығы мен күрделілігі бар тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы басқа жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша көтермеленеді.

5.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілерін көтермелеу құрамы Приозерск қаласының әкімімен бекітілетін комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) шешімі негізінде жүргізіледі.

6.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілері қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі үшін ай сайын бір жолғы ақшалай сыйақымен көтермеленеді.

Осы тармақта көзделген біржолғы ақшалай сыйақы төлемі Аппарат пен ЖАО-ның бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспары бойынша қаржыны үнемдеу жолымен жүзеге асырылады.

7.Ерекше маңыздылығы мен күрделілігі бар міндеттерді орындағаны және жұмыстағы басқа жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілері Приозерск қаласы әкімі аппаратының және ЖАО-ның бюджеттік бағдарламасын қаржыландыру жоспарына сәйкес жергілікті бюджеттен үнемделген қаражат есебінен комиссия ұсынымдары негізінде Приозерск қаласы әкімінің өкімімен біржолғы ақшалай сыйақымен көтермеленеді.

8.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілеріне біржолғы ақшалай сыйақы төлеу Приозерск қаласы әкімінің өкімімен жүзеге асырылады.

9.Лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, қызметте жоғары нәтижеге қол жеткізгені, аса маңызды міндеттерді шешуге қосқан жеке үлесі үшін Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілері Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталады.

10.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілерін Приозерск қаласы әкімінің грамотасымен марапаттаумен көтермеленуді есепке алуды қала әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі мемлекеттік қызметшінің еңбек кітапшасына және жеке іс қағазына деректерді енгізе отырып жүргізеді.

11.Аппарат пен ЖАО-ның мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеудің өзге нысандары Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қолданылады.

12.Мемлекеттік қызметшілер көтермелеуге жатпайды:

1)тәртіптік жазалары алынбаған;

2)сынақ мерзімін өтеу кезеңінде;

3)«Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері оларға қатысты ұлттық қауіпсіздік органдарының арнайы тексеру жүргізуі кезеңінде;

4)Мемлекеттік мекемеде бір айдан кем жұмыс істегендер.

**“Приозерск қаласы әкімі аппараты” ММ**

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ЕСКЕРТЕДІ!

Қыс мезгілінің алғашқы айында қардың қалың түсуі салдарынан талай жолдар оның құрсауында қалып қана қоймай, көптеген автомобильдердің қозғалысына да кедергі болатыны, үйлер мен ғимараттардың шатырларын басып қалу жағдайы орын алмақ.

Қаламыздың «Қоржынтүбек» деп аталатын аумағында тұратын жеке тұрғын үйлердің шатырларының ескілігіне, жаңартылмағандығына байланысты, қардың салмағын көтере алмай опырылып құлап, сіздердің өмірлеріңізге қатер төндіруі, сонымен қатар әлеуметтік жағдайларыңызға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сондықтан, әсіресе жер үйде тұратын қала тұрғындарына айтарымыз: өз үйлеріңіздің шатырларын тазалауыңызды өтінеміз. Бұл – көптеген келеңсіз жағдайлардың алдын – алу мүмкіндігіне үлкен септігін тигізетіндігіне сенімдеміз.

Осы ретте, қыстың қытымыр аязында қала аумағында қар тазалау жұмыстарының маңызы зор. Біздің қала ішінде мұндай шаралар өз деңгейінде атқарылып жатқанын да айта кеткен жөн.

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

# ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ ПРИМЕНЕНИЯ ПООЩРЕНИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ АППАРАТА АКИМА И МЕСТНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

**ПРОЕКТ**

В соответствии с законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», от 23 ноября 2015 года «О государственной службе Республики Казахстан», акимат города Приозерск, **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Утвердить прилагаемые правила применения поощрений государственных служащих аппарата акима и местных исполнительных органов города Приозерск.

2.Государственному учреждению «Аппарат акима города Приозерск» и местным исполнительным органам города Приозерск принять необходимые меры, вытекающие из настоящего постановления.

3.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на руководителя аппарата акима города Приозерск.

4.Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Аким города Приозерск К. Камзин**

## ПРАВИЛА ПРИМЕНЕНИЯ ПООЩРЕНИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ АППАРАТА АКИМА ГОРОДА И МЕСТНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

1.Настоящие правила применения поощрений государственных служащих аппарата акима города (далее–Аппарат) и местных исполнительных органов города Приозерск (далее–МИО) разработаны в соответствии со статьей 35 Закона Республики Казахстан «О государственной службе Республики Казахстан» и определяют порядок применения поощрений государственных служащих Аппарата и МИО.

2.К государственным служащим Аппарата и МИО применяются следующие поощрения:

1) единовременное денежное вознаграждение;

2) объявление благодарности;

3) награждение грамотой;

4) иные формы поощрения, в том числе награждение ведомственными наградами.

3.За одно и то же отличие к государственному служащему применяется только одно поощрение.

4.Государственные служащие Аппарата и МИО поощряются за образцовое выполнение должностных обязанностей, безупречную государственную службу, выполнение заданий особой важности и сложности и другие достижения в работе, а также по результатам оценки их деятельности.

5.Поощрение государственных служащих Аппарата и МИО производится на основании решения комиссии, состав которой утверждается акимом города Приозерск (далее – Комиссия).

6.Государственные служащие Аппарата и МИО за образцовое выполнение должностных обязанностей, безупречную государственную службу ежемесячно поощряются единовременным денежным вознаграждением.

Выплата единовременных денежных вознаграждений, предусмотренных настоящим пунктом, осуществляется за счет экономии средств по плану финансирования бюджетной программы Аппарата и МИО.

7.За выполнение заданий особой важности и сложности и другие достижения в работе, а также по результатам оценки их деятельности государственные служащие Аппарата и МИО поощряются единовременным денежным вознаграждением распоряжением акима города Приозерск на основании рекомендаций комиссии за счет экономии средств местного бюджета, предусмотренных на содержание Аппарата и МИО по плану финансирования бюджетной программы аппарата акима города и МИО города Приозерск.

8. Выплата единовременного денежного вознаграждения государственным служащим Аппарата и МИО производится распоряжением акима города Приозерск.

9.Почетной грамотой акима города Приозерск награждаются государственные служащие Аппарата и МИО за образцовое выполнение должностных обязанностей, достижение высоких результатов в служебной деятельности, личный вклад в решение особо важных задач.

10.Учет поощрений государственных служащих Аппарата и МИО грамотой акима города Приозерск осуществляется службой управления персоналом аппарата акима города с занесением данных о поощрении в трудовую книжку и личное дело государственного служащего.

11.Иные формы поощрений применяются к государственным служащим Аппарата и МИО в соответствии иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

12. Не подлежат поощрению государственные служащие:

1) имеющие не снятые дисциплинарные взыскания;

2) в период прохождения испытательного срока;

3) государственные служащие корпуса «Б», в период проведения в их отношении специальной проверки органами национальной безопасности;

4) проработавшие в государственном органе менее одного месяца.

**ГУ “Аппарат акима города Приозерск”**

## АКИМАТ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ПРЕДУПРЕЖДАЕТ!

В первый месяц зимнего сезона из-за обильного снегопада многие дороги не только остаются в обвалах, но и препятствуют движению большого количества автомобилей, случаются поломки крыш домов и зданий.

В связи с тем, что крыши индивидуальных жилых домов, проживающих на территории нашего города под названием «Коржинтубек», не обновлены, не выдержав веса снега, могут обрушиться, угрожая вашей жизни, а также негативно сказаться на вашем социальном положении.

Поэтому особенно хотелось бы сказать горожанам, которые живут на земле: пожалуйста, очистите крыши своих домов.

В этой связи, в суровые зимние морозы большое значение имеют работы по уборке снега на территории города.

Стоит отметить, что в нашем городе такие мероприятия проводятся на своем уровне.

*Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл*

# МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР



**Биыл қазақтың ақыны Мұқағалидің 90 жылдығы. Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев Алматы облысы Райымбек ауданы Қарасаз ауылында 1931жылы 9 ақпанда дүниеге келген.**

Ақынның азан шақырып қойылған аты – ***Мұхаметқали***. Бірақ ата – анасы пайғамбар атымен жүру ауыр тиеді деп сәби күнінен «Мұқағали» - деп еркелеткен. Әкесі қарапайым шаруашы, колхозда сушы, шалғышы болып істеген. Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады. Мұқағали жастайынан әдеби шығармаларды сүйіп оқып, 14-15 жасынан өлең жаза бастайды.

1948 жылы мектепті жақсы аяқтап, Алматыда Шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеттерінде оқып және Мәскеудегі М.Горький атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады.

Мұқағали Мақатаевтың алғашқы жыр жинағы 33 жасында шыққан. Бұдан кейін 1964-76 жылдар аралығында сегіз жыр жинағы жарық көреді. Бүгінде ақыннан 1000-нан астам өлең мен поэма қалды. Өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1950 жылдан бастап жарық көре бастады. 1949 жылы жары Лашынмен отау құрады.

2021 жылдың 5 ақпан күні кітапханамызда Мұқағали Мақатаевтың 90-жыл толуына орай «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты поэзия кеші өтті. Іс-шарамыздың мақсаты қазақтың ақыны Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы жас ұрпаққа поэзия әлеміне, сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру болды. Оқу бөлімінің кітапханашысы А.Ешжанова ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі жайлы, оның өлеңдері жайлы ой өрбітті.Ісшара барысында оқушылар ақын өлеңдерін оқыды. Ақын кітаптарынан «Дариғажүрек» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, ақын шығармашылығына арналған бейнеролик көрсетілді.

**«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ**

# ҚАРАСАЗДЫҢ ҚЫРАНЫ

**Қарасаздың қыраны – жыр алыбым,**
**Алатауда күмбірлеп тұрады үнің.**
**Есіміңді әр жылы еске аламыз,**
**Арамызға ағажан құла бүгін.**

**Мұқағали мақтаны алашымның,**
**Ерекшелеу ішінде бар асылдың.**
**Оның жыры сақталар жадымызда,**
**Сондықтанда мен оған жанашырмын.**

**Өзің салған соқпақпен мен келемін,**
**Нәр алуды жырыңнан жөн көремін.**
**Сөздеріңді салмақтап қарағанда,**
**Әр сөзіңді жақұтқа теңгеремін.**

**Жүректерді жыр-алау жандырады,**
**Оқи түссең әр өлең таң қылады.**
**Құлап аққан құздардан бұлақтайын,**
**Мейіріңді шөлдесең қандырады.**

**Туған күнің құметтеп қарсы аламыз,**
**Өлең оқып тойлаймыз, жар саламыз.**
**Кешегі өткен өлеңнің баһадүрі,**
**Байқасаңыз бүгінде баршаға аңыз.**

**Әр шумақта қазаққа үн қосқаның,**
**Артық болмас менің де жыр қосқаным.**
**Таусылмайтын ол біздің қазынамыз,**
**Мұқағали – мәңгілік жыр-дастаным!..**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

*Рухани жаңғыру*

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢДЕРІ

**Ағымдағы жылдың ақпан айының 8 ші жұлдызында Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «Балбөбек» бөбек-жайында «Латын әліпбиіне көшу - Қазақстанның дамуының жаңа кезеңдері» тақырыбында бөбекжай педагогтарының қатысуымен дөңгелек үстел өтті.**

жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі». Іс-шар барысында тақырыпқа сай презентация көрсетіліп, баяндама оқылды. Бөбекжай педагогтары арасында пікірталас болып, әрқайсысы өз ойларын ортаға салды. Қорыта келгенде, латын әліпбиінің жаңа кезеңдеріне көшу арқылы біздің еліміз бүкіл түркі әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түседі. Ақпарат

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

| № | латынша | кирилше | әріптің атауы | № | латынша | кирилше | әріптің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Aa | Аа | а | 18 | Oo | Оо | о |
| 2 | Ää | Әә | ә | 19 | Öö | Өө | ө |
| 3 | Bb | Бб | бы | 20 | Pp | Пп | пы |
| 4 | Dd | Дд | ды | 21 | Qq | Ққ | қы |
| 5 | Ee | Ее | е | 22 | Rr | Рр | ыр |
| 6 | Ff | Фф | фы | 23 | Ss | Сс | сы |
| 7 | Gg | Гг | гі | 24 | Şş | Шш | шы |
| 8 | Ğğ | Ғғ | ғы | 25 | Tt | Тт | ты |
| 9 | Hh | Хх, Һһ | хы | 26 | Uu | Уу | ұу |
| 10 | İi | Йй, Ии | ій | 27 | Ūū | Ұұ | ұ |
| 11 | Iı | Іі | і | 28 | Üü | Үү | ү |
| 12 | Jj | Жж | жы | 29 | Vv | Вв | вы |
| 13 | Kk | Кк | кі | 30 | Yy | Ыы | ы |
| 14 | Ll | Лл | ыл | 31 | Zz | Зз | зы |
| 15 | Mm | Мм | мы | | | | |
| 16 | Nn | Нн | ны | | | | |
| 17 | Ññ | Ңң | ың | | | | |

*C, X, W таңбалары [illegible]

Дөңгелек үстелдің мақсаты: Латын әліпбиіне көшу – Қазақстанның дамуына үлкен үлесі бар екені туралы мағлұмат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей: «Ұлттың сақталуына да, және телекоммуникациялық саладағы қолжетілімділік те артады.

**С. Боранбаева,**
***«Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі***

*...Өз тіліңді құрметте!*

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – РУХАНИ БАЙЛЫҚ

Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов: «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?» - деп өз ойын дөл жеткізген.

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры. Тіл – әрбір ұлттың тәлімі мен тәрбиесінің негізі. Тіл – қатынас құралы болуымен қатар, халықтың жаны. Тілі құрыса, халқы да жер бетінен жоғалатынын дәлелдеген болатын... Қалай, қай жағынан дәлелдесек те, тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін еместігіне көз жеткізесің.

Ұлтаралық бірлік – отандастарымыздың басты байлығы. Мемлекеттік тілді меңгеру елдің бірлігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп нақты көрсетілген. Қазақ тілі тек қазақ халқының ғана тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз деп нақты айқындап тұр. Демек, Қазақстанды мекендеген, оны өз Отанындай қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриотымын деп есептейтін әрбір қазақ азаматының тілі. Тіл мен қарымқатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершірілік пайда болып, «тіл мәртебесі – ел мерейі» деп мақтанышпен айта аламыз.

Мемлекеттік тіліміздің тағдыры – мәдениетіміздің дамуы еліміздің өркендеп өсуімен бірге, әдебиетімізге, салт-дәстүрімізге, тіліміздің шұбарланбауына тығыз байланысты. Олай болса, мемлекеттік тілді білу, оған құрметпен қарап, оны күнделікті өмірде қолдану тұрмыс-салтымыздың, мінез-құлқымыздың бөлінбес бөлігі болып есептелуі қажет. Сонда ғана барлық күшжігерімізді, достығымызды нығайту, міндетті түрде, тіліміздің шарықтап өсуіне септігін тигізеді.

«Білімділіктің ең басты шарты туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» - депті ұлы ойшыл Регель. Егер өз тілімізде еркін сөйлеп, қадірлей алатын болсақ, өзге ұлттың да сыйлайтынына жол ашасың. Әрине, әрбір тілдің бастамасы, ұлттың қолында екенін жадымызда сақтау керек.



Бүгінгі таңда біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындарды талаптарды жүйелі түрде жүзеге асыру. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне деген қамқорлықты нығайта түсу. Ұлттың болашағы, елдіктің ертеңі, ұрпақтың келешегін ойлау – әрбір саналы азаматтың басты міндеті. Егер байқаған болсаңыздар, Егемендігімізді алғаннан кейін де елімізде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуге, мемлекеттік тілді дамыта түсуге ешқандай кедергі болған жоқ. Көптеген жоспарлар, іс-шаралар жүзеге асып жатты. Тек кез келген тілді меңгеру мәселесіндегі басты шарт – адамның өзінің ішкі ой-ниеті мен қажеттілігі екендігін ұғыну қажет болды.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау болып көрінеді. Отандас азаматтардың ұлт мәдениетінің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығын жалғастыру мақсатында Мемлекеттік тілдің дамуына, бар күшін салып, қызмет етуі керек.

Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің кепілі. Мемлекеттік тіл – рухани байлығымыздың кепілі. Тарих, әдебиет, салт-дәстүр мәдениетінен бастау алған тіл – руханилықтың қазынасы.

Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату – әрбір қазақстандықтың абзал борышы деп саналуы қажет.

**Маржанкул Хизирова,**
***Қарағанды білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекттік мекемесінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі***

*Самостоятельность и независимость образования*

# СВЕТСКИЕ ПРИНЦИПЫ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Развитие и совершенствование системы светского образования является важнейшим условием эффективного реформирования современного казахстанского общества.

Светский характер образования в государственных и иных образовательных учреждениях - один из обязательных составляющих светскости государства и результат отделения религии от государства, школы от религии.

Под светскостью образования понимается образование, независимое от какого-либо религиозного разрешения, где образовательная деятельность никак не подчиняется религиозным объединениям, образование не направлено на профессиональную религиозную подготовку служителей религиозного культа, на обучение или навязывание какой-либо религии.

Показателями реализации и соблюдение принципа светскости в образовании являются следующие критерии:

-недопустимость установления в государственных образовательных учреждениях общеобязательной религии;

-равенство прав каждого на поступление в образовательные учреждения и получение образования независимо от убеждений или отношения к религии;

светскость внутреннего устройства и деятельности образовательных учреждений;

-независимость управления образовательными учреждениями от религиозного разрешения или давления, от вмешательства религиозных объединений, недопустимость передачи им каких-либо полномочий в управлении системой;

-недопустимость подготовки в светских образовательных учреждениях служителей религиозного культа;

-светскость профессиональной этики;

-светскость государственных образовательных стандартов;

-религиозная нейтральность используемых учебных программ и учебной литературы;

-ненаправленность преподавания образовательными учреждениями знаний о религии на вовлечение школьной и студенческой молодежи в религиозное объединение;

-осуществление государственного контроля за недопущением в используемых учебных программах и учебной литературе положений, возбуждающих ненависть либо вражду, унижающих достоинство или пропагандирующих неполноценность личности либо группы лиц по признаку отношения к религии.

-запрет открытого ношения элементов религиозной одежды и знаков религиозной принадлежности преподавательскому и административному корпусу учреждения образования.

**Г. Кыдырбаева,**
***учитель истории КГУ «Общеобразовательная школа №1» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области***

*«Оқу сауаттылығы» апталығы*

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

**Білімді ұрпақ - ел болашағы. Еліміздің ертеңі - өкелең ұрпақтың заманына сай білімді, бәсекеге қабілетті, саналы ұрпақ болып өсуі ата-ана мен ұстаздың қолында екені баршаға мәлім. Осы орайда талай қыруар іс атқарылып жатқаны да белгілі. XXI ғасырда нені оқыту керектігі, ұстаздарымыздың оларды қалай дайындайтындығы, оқушы бойындағы ізкерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу, жаңа білімді жай ғана иеленіп қоймай, ол білімді қажетті жерде қолдана білуге үйрету басты мақсат болып табылады.**

Осы мақсатта Қарағанды облысы оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен қаңтардың 18 және 23 аралығында «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры!» деген тақырыпта «Оқу сауаттылығы» апталығы ұйымдастырылып өтті. Әрине, біздің мектепімізде де бұл шара елеусіз қалмады. Жаппай бастауыш және қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері, оқушылар, ата аналар болып апталықты жоғары деңгейде атқарып өттік. Апталық түрлі шаралар, сайыстар, танымдық сағаттар, зияткерлік ойындар, эсселер мен диктанттар байқауы, кітаптар алмасу акцияларынан тұрды. Апталықтың ашылу салтанатын ұлы ақын Абай атамыздың 175 жылдығына арнау ретінде «Абай дана, Абай дара қазақта» деген тақырыпта оқушылар арасында өлең оқу челленджі жүргізілді. Атап айтсақ, Кошеметова М.К. 3"В", Макажанова Д.Т. 3"Б", Алтынбекова К.С. 4"А"., Кузнецова О.А. 3"А", Тәңірберген З.Т. 4"В" сынды ұстаздарымыз бұл челленджді талапқа сай атқарып шықты.

Апталықтың екінші күні жоспар бойынша 4"В" және 4"Г" сыныптар арасында Жақыпова А.Б ұйымдастыруымен "XXI ғасыр көшбасшысы" танымдық сайыс өткізілді. 3"В" сыныбында М.К.Көшеметова, 3 "Г" сыныбында Ауесбаева А.С., 3 "Б" сыныбында Макажанова Д.Т. сынды ұстаздар "Бақша ағаштары" тақырыбында аталған сыныптардан бестік диктанттар алса, жоғары сыныптарда Оракбаева А., Ахметчина Д.К. сынды ұстаздар эссе жұмыстарын жүргізді. Ұйымдастырылған бұл танымдық іс-шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар білімі арта түсті.

Апталықтың үшінші күні "Оқу сауаттылығы және заманауи" тақырыбында жалғасын тапты. Ұстаздарымыз түрлі логикалық, қызықты тапсырмалар мен жаттығулардан тұратын сайыстар өткізді. 2 "Г" және 2"Д" сынып оқушылары мен сынып жетекшілері Д.Т.Абдығаппарова және М.Т.Адреисова сынды ұстаздарымыз "Алғырлар мен тапқырлар", 1"Д" сынып оқушылары мен сынып жетекшісі М.К.Бессенова "Мың бір мақал—жүз бір жұмбақ", ал 5-сынып оқушыларымен қазақ тілі пәні мұғалімі З.Е.Куанышева "Тапқыр болсаң талас жоқ" деген тақырыптарда сайыс ұйымдастырды.

Апталықтың төртінші күнінде «Ұстаздық еткен жалықпас...» деген тақырыпта ұстаздарымыз арасында қазақ тілі пәні мұғалімі З.Е.Куанышеваның ұйымдастыруымен "Ой мен ойын" атты сайыс жүргізілді. Сайыс екі кезеңнен құрылған. Алғашқы кезеңі белгілі шығарма үзінділерін көре отырып, қандай шығарма және авторын тауып айту керек болса, екінші кезең викториналық сұрақтардан тұрды. Сайысқа бастауыш сынып және қазақ тілі мен әдебиет пәні ұстаздары ат салысты. Атап айтар болсақ, Ахметчина Д.К, Жабагиева Е.Ж., Көшеметова М.К., Альжанова Ж., Мысыкбаева К., Сәрсепбаева А. сынды



ұстаздарымыз өз білімдерін ортаға салып, білімдерін шыңдай түсті. Апталықтың бұл күнінің басқа күндерден ерекшелігі ұстаздардың сынға түсуінде болды. Күнделікті білім нәрін сусындатудан шаршамайтын ұстаздарымыз қызықты сұрақтарға жауап іздей отырып, көңілдері көтеріліп, бір сергіп алды десе де болады. Апталықтың әр күні осындай қызықты шаралармен жалғасын таба білді.

Бесінші күні "Кітап — өмір ұстазы" тақырыбы төңірегінде өткізілді. Кітап оқудан жалықпайтын оқушыларымыздың оқыған кітаптары туралы айтары көп болды. Соның бірі 4 "В" сынып оқушылары сынып жетекшісі З.Т.Тәңірбергеннің басшылығымен Абай атамыздың шығармаларын оқып, бойымызға ақыл, парасат, ізгілікті жинап, дамуымызға ақыл-кеңес беріп, Абай қара сөздерін оқуға шақырса, 3"В" сынып оқушылары Сағат Нұрай мен Сәдуахас Таңшолпан сынып жетекшілері М.К.Кошеметова ұстазымен үнемі бірлесе отырып кітап оқитынын айтып, сыныптастарына қызықты кітаптар ұсынып, оқуға кеңес беріп, білім нәрі — кітапта екенін баса айтты.

Сонымен қатар, оқыған ертегі, әңгімелерінен қойылым көрсеткен сыныптар да болды. Мысалы, 1"В" сынып оқушылары сынып жетекшісі П.К.Ержанованың ұйымдастыруымен "Жыл басына таласқан хайуанаттар" ертегісінен, 1 "Д" сынып оқушылары сынып жетекшісі А.Е.Досымованың ұйымдастыруымен "Шалқан" ертегісінен үзінді көрсетті. Мұндай қойылымдар оқушылардың кітап оқып қана қоймай, оқығанын ұмытпай, жадында мәңгі сақтап қалуына оң әсері тиетініне және оқушылардың қызығушылықтары артып, шығармашылықтары дами түсетініне сенімдімін.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл апталыққа тек қана ұстаздарымыз бен оқушыларымыз ғана емес, ата-аналарымыз да ат салыса білді. Кітап оқудың қаншалықты маңызды екенін ата-аналарымыз да үнемі есте сақтайды. Сондықтан күнделікті сабақтан тыс қызықты көркем шығармалар, ертегілер оқуды тоқтатқан емес. Оқыған сайын балаларымыздың ой-өрісі дамып, сөз саптауы түзеле түседі. Осы орайда талмай еңбек ететін ұстаздарымыз М.К.Көшеметованың 3"В" сынып оқушысы Оралбек Нұрайдың анасымен кітап оку сәтінен көрініс көрсетіп, фото суреттер ұсынды. Тағы бір ұстазымыз Нығатай Т. 2"В" сыныбы және ата-аналармен онлайн түрде Zoom платформасымен кездесу сұхбат ұйымдастырды. Ата-ана, бала, мұғалім —осы үштіктің мақсаты бір. Ол — білімді тұлға қалыптастыру. Сұхбаттың өзектілігі кітап оқи отырып, білімдерін тереңдету болды.



Бұл күні оқушылармен мектеп мұражайына саяхатқа шықты. Мұражайды аралатып, ірі тұлғалар өміріне қысқаша шолу жасалды. Қаламыз, еліміз үшін еңбегі сіңген Приозерск қаласынан шыққан беделді кісілер еңбектері таныстырылды. Мұндағы мақсат бала бойына еңбек, оқу, білім нәрін сіңдіре отырып, алға жетелеу, намысын оятып, "Осы беделді кісілердей боламын!" деген арман-мақсаттарына үміт ұялату еді. Сынып жетекшілер Досымова А. Е. 1"Д" сыныбы, Кошеметова М.К. 3"В" сыныбы, Жақыпова А 4"Г" сыныбы, Бессе-нова М. К. 1 "Д" сынып оқушылары.

"Оқу сауаттылығы" апталығының соңғы күнінде оқушыларға "Толағай" мультфильмін көре отырып, бас кейіпкерді сомдау (сурет салу) тапсырмасы берілген болатын. Байқағанымыздай балаларымызға бұл тапсырма қиынға соқпаған тәрізді. Толағай сияқты тау көтеріп, алып күш иесі болуға қай бала болса да талпынады. Сүйікті кейіп-керінен сурет салған сыныптар 3 "Б" сынып оқушылары сынып жетекшілері Макажанова Д.Т., 3"В" сынып оқушылары, сынып жетекшісі Кошеметова М.К., 2"В" сынып оқушылары сынып жетекшісі Нығатай Т.

Ертегі, әңгімелерден сурет түріндегі үзінділер де көрсетілді. Оқыған ертегі мазмұны бала жадында мәңгілікке сақталсын десек, осындай шығармашылық жұмыстарды қатар алып отырған дұрыс қадам. Баланың әр эпизод, әр кейіпкерге мән бере отырып, түрлі бояумен сурет сала білгенін байқаймыз, бала қиялының ұшқыр екеніне көзіміз жетеді. Сурет салушы сынып 3 "В" сынып оқушылары және сынып жетекшісі Кошеметова М. К.

11"Б" сынып жетекшісі Д.К.Ахметчина мен сынып ата-аналары арасында "Ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі рөлі" тақырыбында онлайн түрде дебат өткізілді. Биылғы түлектердің сабақ оқу үлгерімі мен сапасы, ҰБТ дайындығы, жалпы тәрбие жөнінде көп мәселелер қозғалды. Ата-аналар бала тәрбиелеудегі басты мәселелерді айтып, шешу жолдарын ұсынып, бір-бірлеріне кеңес берді. Жастар — ел болашағы, ертеңі. Сондықтан сауатты, өнегелі, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу бірінші кезекте ата-ана мен ұстаз қолында.

11-сынып оқушылары сынып жетекшісі Д.К.Ахметчина "Сәкен — жырдың сарқылмас дариясы", 9-сынып оқушылары қазақ тілі пән мұғалімі Ж.Альжанованың ұйымдастыруымен" Билер сөзі—ақылдың көзі" тақырыптарында қысқаша қойылым көрсетті. Шығарманың тәрбиелік мәнін жоғалтпай, берілген әр бразд ың келбетін аша білді. 11 және 9 сынып оқушылары қазіргі таңда үлкен сапарға жол салып, қыруар дайындық үстінде жүрсе де, бұл апталықты айналып кете алмады. Ат салысып, сауатты ұрпақ ғасырына өз үлестерін қоса білді.

Қорыта келе айтарым, оқушыларымыздың апталықтан алған әсері ұшан теңіз. Бұл апталық оқушыларымыздың ой-өрісін кеңейтуге, ана тілімізде еркін сөйлеп, сауатты жаза білуде нәтижелі болды. Осындай танымдық, шығармашылық қабілетке құрылған тағылымы мол шараларды ұйымдастыруды игі іс деп білемін.

**З.Е.Куанышева,**
***қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;***
**М.К.Кошеметова,**
***бастауыш сынып мұғалімі ,***
***№ 2 мектеп ЖОББМ***

*Тұрғындарға қызмет көрсету жақсаруда*

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТҚА КӨШТІ

**Мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алушылардың саны жылдан жылға артуда. Өткен жылы елімізде төтенше жағдайға байланысты халыққа қызмет көрсету орталықтары жабылып, мекеме қызметкерлері қашықтықтан жұмыс жасады. Сол себепті, мемлекеттік қызметтер электронды түрде көрсетілді.**

Бөлімде «Өз-өзіне қызмет ету бұрышы» орналастырылған және кеңес беру мамандары бекітілген. Егер үй жағдайында интернет желілері немесе компьютерлік құрал жабдықтар болмаған жағдайда, сол жерден өтініш беру мүмкіндігі қарастырылған. 2020 жылға азаматтар «Өз-өзіне қызмет ету бұрышы» арқылы 85 қызметті алды.

2020 жыл жағдайы бойынша Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы 2117 мемлекеттік қызметтер көрсетілді.




**Г.Н. Турдимуратова,** ***«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің бас маманы***

*Короновирус*

# СИТУАЦИЯ ПО КОРОНОВИРУСУ В КАЗАХСТАНЕ НА 12 ФЕВРАЛЯ

**В Казахстане число заразившихся КВИ увеличилось еще на 951 человека за сутки. Об эпидемиологической ситуации по коронавирусу в стране на 00:00 часов 12 февраля сообщил Оперативный штаб Госкомисссии, передает Kazpravda.kz.**

"За прошедшие сутки в Казахстане выявлен 951 заболевший с положительным ПЦР на коронавирусную инфекцию", - говорится в информации.

В разрезе регионов: Нур-Султан - 109, Алматы - 108, Шымкент - 9, Акмолинская область - 79, Актюбинская область - 8, Алматинская область - 76, Атырауская область - 33, Восточно-Казахстанская область - 64, Жамбылская область - 10,



Западно-Казахстанская область - 75, Карагандинская область - 58, Костанайская область - 79, Кызылординская область - 4, Мангистауская область - 7, Павлодарская область - 163, Северо-Казахстанская область - 62, Туркестанская область - 7.

Всего в стране выявлено 200 044 заболевших.

**Источник: www.kazpravda.kz**

**НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО**

открыто после смерти **Бабажанова Жайнарбека Рахматовича**, умершего 25 августа 2020 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. **8-775-1627005**

**Собственник: ИП Струментов А.В.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.
Свидетельство о переучете ППИ **№ 17414-Г** от 24.12.2018 г.
**Адрес редакции**: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru; **Веб-сайт**: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,
Заказ № 06/702. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*